# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Информатика |
| **Мұғалім** | Жубауова Алтынгүл Кожагелдиевна |
| **Мектеп, сынып** | Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Баутин ауылы, Жалау Мыңбаев атындағы мектеп-гимназия, 6-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Интернетте ақпаратты іздеу. Электрондық пошта. |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Жалпы мақсаты** | Оқушыларды интернетте еркін жұмыс жасауға, қажетті ақпараттарды іздеп, табуға үйрету. |
| **Сілтемелер** | Компьютер, интерактивті тақта, слайдтағы тапсырмалар,<br><br>www.bilimland.kz сайты. |
| **Оқыту нәтижелері** | Оқушылар интернетте еркін жұмыс жасай алады. |
| **Тапсырма көздері** | 1. **Ұйымдастыру.**<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Топқа бөлу (ақ, қызыл түсті асықтар тарату арқылы). Түстерге сипаттама беру **(5 мин).**<br>**Ақ түс** – таза парақ, онда әлі де талай тарих жазылады. ***Пәктік, тазалық*** нышаны. Ақ түс әділдікті білдіреді. Еш бояуы жоқ ақ түс кіршіксіз сезімді көрсетеді.<br>**Қызыл түс** адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, белсенділікті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін барлық мүмкін болған талпыныстыбейімділікті, албырттықты, жеңіске деген жігерді, құлшыныстыбілдіреді. Бұл түсті таңдағандар – кез келген қиындыққа мойынсұнбайтын, ***күрескер, батыл адамдар***.<br>2. **«Қайталау- оқу анасы».**<br>Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы сабақты қайталау.<br><br>**Сұрақтар:**<br>1. Компьютерлік желілердің қандай түрлерін білесің? |

| | |
|---|---|
| | 2. Желіге қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қандай құрылғыларды қолдануға болады?<br>3. Топологиялық желілердің түрлері туралы айтыңдар<br>**3. Жаңа сабақ. Мағынаны тану. Электронды оқулықты пайдалана отырып тақырыпқа шолу жасау және www.bilimland.kz сайтынан** bilimland.kz/index.php/kz/ «www интернет консорциумы дегеніміз не?» бейнеролигін көрсету.<br><br>**http://bilimland.kz/kk/content/lesson/16375-web_sajttar_men_domendik_ataular**<br><br>  <br><br>**4. Сергіту сәті.** Бейнеролик **«Мен қазақпын»** көрсетіледі.<br>**5. Бізден сұрақ, сізден жауап**<br>1. Интернет сөзін қалай түсінесің?<br>2. Интернеттің қандай қасиетіне байланысты оны ғаламдық деп атайды?<br>3. Домендік атау деген не?<br>4. Браузер деген не?<br>5. Қандай іздестіру сайттарын білесің?<br>**6. «Жаңаны танып білу маңызды»**<br>Топтар өтілген тақырып бойынша постер қорғайды. |
| **Бағалау** | Сабақ барысында тапсырма орындаған, сұраққа жауап берген оқушыларға смайликтер тарату арқылы бағаланады (жинаған смайликтердің санына қарай). |
| **Кері байланыс** | 1. Бүгінгі сабақтан алған әсерім?<br>2. Маған не ұнады/ұнамады?<br>✓ |
| **Үйге тапсырма** | 5.2 тақырып |